

VI Азаматтық форумның ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы

1. «Экологиялық қауіпсіздік» көрсеткішін бағалау әдістемесін әзірлеуді қамтамасыз ету.

Энергетика министрлігінің мәліметі бойынша Қазақстан Республикасында экологиялық ахуалды бағалаудың бекітілген әдістемесі бар. «Экологиялық қауіпсіздік» көрсеткішінің бөлек бағалау әдістемесін әзірлеу тиімсіз екенін жеткізеді.

2. Статистика агенттігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп, үкіметтік емес ұйымдарды олардың қызмет бағыты бойынша есепке алуды жүйелендіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Әділет министрлігі барлық тіркелген заңды тұлғалар бойынша есеп жүргізетін Бизнес-сәйкестендіру нөмірлердің ұлттық тізілімін қалыптастырады. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлердің ұлттық тізіліміне заңды тұлғалар бөлінбей бірыңғай түрде жүргізіледі (коммерциялық және коммерциялық емес түрлерге бөлінбейді).

ҮЕҰ-ны есепке алу жүйесін жетілдіру мақсатында Мәдениет және спорт министрлігі Әділет министрлігімен бірлесе ҮЕҰ-ның ұйымдастыру-құқықтық нысандарын анықтау жөнінде жұмыс жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде МСМ мен ӘМ-нің ақпараттық өзара іс-қимылын жетілдіру аясында «Коммерциялық емес ұйымдар жөнінде ақпаратпен алмасу саласында Әділет министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігінің өзара іс-қимылы туралы» бірлескен бұйрық бекітілді.

Коммерциялық емес ұйымдардың бірыңғай есептілігін қалыптастыру мақсатында Әділет министрлігі ү.ж. 12 мамырда Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мен Мәдениет және спорт министрлігінің қатысуымен жұмыс кеңес отырысы өткізіліп, нәтижесінде коммерциялық емес ұйымдар бойынша есептілік нысаны қабылданып, мақұлданды.

Жоғарыда көрсетілген бұйрықтың негізінде ӘМ тоқсан сайын келесі тіркелген 4 ұйымдастыру-құқықтық нысандар бойынша ақпаратты МСМ-ге жолдайды: қоғамдық бірлестік, қор, заңды тұлғалар бірлестігі және жеке мекемелер. ҮЕҰ-ның қызмет бағыттары бойынша есеп Әділет министрлігімен жүргізілмейді.

ҮЕҰ-ның қызмет бағыттары бойынша есепті ҮЕҰ дерекқоры аясында жүргізуге мүмкіндік болады.

3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қаражатына іске асырылатын әлеуметтік жобаларды олардың сапалық және сандық индикаторларын/критерийлерін қамтитын мониторингілеу және бағалау қағидаларын әзірлеу.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асырудың мониторингін жүргізу ережесі Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 406 бұйрығымен бекітілген.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың қаражаты есебінен іске асырылатын әлеуметтік жобаларды бағалауды қазіргі уақытта әзірленіп жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдардың қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының шеңберінде енгізу қарастырылуда.

4. Әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыратын ҮЕҰ қатысты «Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысының 158-тармағы шеңберінде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындаған кезде ҮЕҰ-ды шарт пен өтінімді қамтамасыз етуге арналған қаражат енгізуді міндеттейтін нормаларды алып тастау мүмкіндігін қарастыру.

Бұл тармақ орындалды. ҮЕҰ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жөніндегі конкурстық процедураларға қатысқанда конкурсқа қатысу туралы өтінімді қамтамасыз етуге және шарттың орындалуын қамтамасыз етуге арналған қаражатты енгізуден **босатылды** (ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуы жүзеге асырудың ережесінің 17-параграф 249-тармағының 1-тармақшасы).

5. «Қайырымдылық және меценаттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстың аясында «эндаумент» ұғымын нормативтік бекіту бойынша мәселені қарау.

2015 жылғы 15 қарашадағы № 402-V ЗРК «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен «эндаумент» ұғымы бекітілді. Осылайша, Заңның 1-бабының 14-тармағына сәйкес:

«нысаналы капитал (эндаумент) – қайырымдылық жасаушы капиталдың бастапқы мөлшерін сақтау шартымен қайырымдылық көмекті жүзеге асыруға бағыттайтын қайырымдылық жасаушы капиталының бастапқы мөлшерінен түсетін инвестициялық кіріс».

6. Республикалық телеарналардың бірінен азаматтық қоғамды дамыту мәселелерін жария ету және тұрғындарды ҰЕҰ қызметі туралы хабардар ету үшін тұрақты бағдарлама ашу мүмкіндігін қарау.

Аталған мәселе бойынша «Хабар 24», «Білім және мәдениет», «Kazakh TV», «Қазақстан» телеарналарында «Стол переговоров», «Бетпе бет», «Сұхбат», «Арнайы хабар», «Жаңа күн», «Золотая середина», «Общественное мнение» және «Қоғамдық кеңес» бағдарламаларының шығуы ұйымдастырылған.

Бағдарламалар ҰЕҰ-ның әлеуметтік салада (қайырымдылық концерттер, конкурстар, кездесулер) және кәсіпкерлікті қолдау саласында (семинарлар, кәсіпкерлік клубының ашылуы, тренингтер) өткізген іс—шараларына, жер реформасын, 5 институционалдық реформаларын және Ұлт жоспарын түсіндіру жұмысына қатысуына арналған.

7. ҰЕҰ-ны, оның ішінде шетелдік ҰЕҰ-ны өз қызметінің жылдық есебін БАҚ-та жариялауға міндеттейтін заңнамалық нормаларды қарастыру.

2005 жылғы 12 сәуірдегі «Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар мен сыйақылар туралы» Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру үшін Қазақстанда ҰЕҰ дерекқоры құрылды (түзетулер 2015 жылғы 2 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үкіметтік емес ұйымдар қызметінің мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен енгізілді).

ҰЕҰ-мен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру тәртібі мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 51 бұйрығымен реттеледі.

Бұйрыққа сәйкес еліміздегі барлық ҰЕҰ, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдар ҰЕҰ дерекқорына өзінің қызметі туралы ақпарат беру керек.

«ҰЕҰ дерекқоры» интернет-порталы әзірленді. Бүгінгі күнге аталған портал тест режимінде қосылған. 2017 жылдан бастап ол ашық портал түрінде жұмыс істейтін болады.

Дерекқор қоғамдастық пен донорларға ҰЕҰ жобалары мен жетістіктері туралы ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз етуге арналған.

8. Әр аймақта тұрақты негізде ҰЕҰ-мен бірлесіп «жергілікті қоғамдастық қажеттіліктерін бағалау» мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша жергілікті атқарушы органдардың тарапынан өткізілген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ҰЕҰ-ны тарту арқылы жергілікті қауымдастықтың қажеттіліктерін бағалау бойынша тиісті жұмыстар жүргізілген.

Бүгінгі күнге, жергілікті өкілді және атқарушы органдарының үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру үшін жергілікті атқарушы органдармен үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер құрылып, олардың аясында ҰЕҰ-ны жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тарту қарастырылған.

2005 жылғы 12 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» ҚР Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдар үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып «жергілікті қоғамдастық қажеттіліктерін бағалау» мониторингін жүргізу жөнінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыра алады.

Одан басқа, 2013 жылғы 13 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» ҚР Заңымен ауылдағы халықтың жиындары мен жиналыстарын қалыптастыру, өткізу тәртібі және өкілеттіктері белгіленген.

Жергілікті қауымдастықтың жиындары мен жиналыстарында жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу қарастырылған, олардың аясында жергілікті тұрғындар қажеттіліктердің бағалауын жүргізе алады және жергілікті қауымдастықтың ең басымды міндеттерін бөліп шығара алады.

9. Қазақстанның 1985 жылғы 15 қазандағы Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық Хартияға қосылу мүмкіндігін қарастыру.

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық Хартия (*бұдан әрі - Хартия*) Еуропадағы жергілікті және өңірлік билік органдарының тұрақты конференциясының бастамасымен әзірленіп, қабылданған. Құжаттың негізгі мақсаты азаматтарға ең жақын және оларға күнделікті өмірдегі жағдайларға қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу мүмкіндігін беретін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған Хартия халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының түсінігі бойынша халықаралық шарт болып табылады.

Сонымен бірге, аталған құжаттың ережелеріне сәйкес (*15-бан*), аталған Хартия тек Еуропа Кеңесіне мүше елдер үшін ғана қол қоюға ашық, тиісінше, оған үшінші елдердің қосылуы мүмкін емес.

Осыған орай, қазіргі кезде Қазақстанның аталған Хартияға қосылуы заңды тұрғыдан мүмкін емес. Осы жағдай Қазақстанның Бельгиядағы Елшілігі қызметкерлерінің Еуропа Кеңесі Бас хатшылығының өкілдерімен өткізген консультациялары барысында да расталды.

Сондай-ақ, Қазақстанда Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы қабылданды, ол Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық Хартияда белгіленген муниципалдық демократия мен муниципалдық басқару құндылықтарына негізделген.

10. Қазақстан Республикасында өзін-өзі басқару жүйесін дамыту бойынша ҰЕҰ мен мемлекеттік органдардың бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының екінші кезеңіне іске асыруға дайындалу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 қазандағы №1139 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 2013 жылғы 31 қаңтардағы №78 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аталған жоспар үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының екінші кезеңінің іс-шараларын іске асыруды және оның негізгі ережелерін түсіндіруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеуді қарастырады.

11. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бағдарламасына жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша тақырыптар енгізу, белгіленген тақырыптар бойынша сабақ беруге ҰЕҰ-ны тарту.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі осы жұмысты үнемі жүргізеді.

Осылайша, ү.ж. 14-19 қазанда «Қазақстан Республикасында жергілікті басқаруды жаңартудың институционалдық негіздері» тақырыбындағы біліктілікті жоғарылату семинардың аясында оқытушылар ретінде үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып жергілікті өзін-өзі басқарудың іс жүзіндегі модельдерді енгізу мәселелері зерттелді.

12. www.mfa.gov.kz сайтында мыналар туралы бөлімдер/санаттар ашуды қамтамасыз ету:

- халықаралық ұйымдар мен шетелдік донорлар қаражаты есебінен іске асырылған және іске асырылатын жобалар туралы;

- халықаралық ұйымдар мен шетелдік донорлардың гранттары, конкурстары, іс-шаралары, жобаларды орындау нәтижелері және т.б. туралы.

СИМ жанында 2014 жылы халықаралық ұйымдар мен грант берушілердің қызметі мәселелері жөнінде жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының аясында Қазақстанда жұмыс істейтін және шетелден қаржыландырылатын халықаралық және қазақстандық ҰЕҰ дерекқоры қалыптастырылды.

Сыртқы істер министрлігі USAID, АРГО, Россотрудничество, ЕО-мен олардың қызметі туралы СИМ сайтында ақпарат жариялау туралы келісімге келді.

Сонымен қатар, халықаралық және шетелдік ұйымдардың, сондай-ақ олардың филиалдарының есептері ҰЕҰ дерекқорында жарияланатын болады.

13. Қазақстандық ҰЕҰ, халықаралық ұйымдар, шетелдік донорлар мен мемлекеттік органдардың арасындағы өзара іс-қимылды арттыру мақсатында ҰЕҰ секторы, мемлекеттік құрылымдар, халықаралық және донорлық ұйымдар өкілдерінен тұрақты негізде жұмыс істейтін үйлестіру органын құруды қамтамасыз ету.

СИМ жанында 2014 жылы тұрақты жұмыс істейтін консультативті-кеңестік орган (бұдан әрі - ККО) құрылды. ККО құрамына ҰЕҰ, мемлекеттік органдардың, халықаралық және донорлық ұйымдардың өкілдері кірді. ККО міндеттеріне қазақстандық ҰЕҰ мен халықаралық ұйымдардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын арттыру, Қазақстандағы азаматтық қоғамның көшбасшыларымен конструктивті диалог құру, адам құқықтарын қорғау және демократизациялау саласында ұсынымдар әзірлеу жөніндегі мәселелер жатады.

14. Қазақстан Республикасындағы Халықаралық волонтерлер корпусын құруды және дамытуды ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде «Волонтерлік қызмет туралы» заң жобасы қаралуда. Заң жобасы Қазақстан Республикасында волонтерлік қызметтің бірыңғай жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық негізін, волонтерлік қызметті жүзеге асыратын институттар мен ұйымдардың жұмыс істеу механизмдерін қалыптастыруға, волонтерліктің негізгі қағидаларын, волонтерлік қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, нысандары мен түрлерін, волонтерлік қызметіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелерін, олардың арасындағы қарым-қатынастарды, волонтерлікті ынталандыру жөнінде шаралар жүйесін, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін анықтауға бағытталған.

ҚР Халықаралық волонтерлер корпусын құру мәселесін аталған заң жобасы қабылдағаннан кейін қарау ұсынылады.

15. «Жаһандық «жасыл» бастамалар мен ЭКСПО-2017-ге азаматтық қоғамның үлесі» атты Жаһандық Азаматтық Саммитіне (VII АЭФ аясында, 2014 жылы, мамыр) қатысу.

Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі (қазіргі уақытта – Энергетика министрлігі) 2014 жылғы 21-23 мамырда Астана қаласында өткен VII Астаналық экономикалық форумының жұмысына қатысты. Аталған форумның аясында «Жасыл академия» ғылыми-білім беру орталығымен бірлесе «Smart Green Business Forum» панельдік сессия өткізілді. «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасының механизмдерін, климаттың өзгеруін бәсеңдету жөнінде нарық құралдарын, «жасыл» бизнеске инвестициялар ынталандыру жөніндегі мәселелерді талқылау, сондай-ақ VII Астаналық экономикалық форумы қатысушы елдерінің үкіметтеріне мемлекеттік қолдау көрсету, «жасыл» қағидаларды ілгерілету үшін құрылымдық реформалар өткізу туралы үндеу жолдау осы іс-шараның мақсаты болып табылды.

Сессия жұмысына мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, бизнес пен ҰЕҰ өкілдері, дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, жетекші халықаралық ғалымдар мен сарапшылар қатысты. Сессияның нәтижесінде Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы жоспардың жобасына енгізу үшін ұсынымдар қабылданды, ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумдарға қол қойылды.

16. Мемлекеттік бағдарламалардың аясында жеке инвесторлар үшін «жасыл» технологиялар мен инновациялардың виртуалдық конкурстарын тұрақты негізде ұйымдастыру.

«Жасыл Көпір» Әріптестік Бағдарламасының ресми сайтында виртуалдық конкурстың қорытындылары мен конкурсқа қатысушылардың жобалары орналастырылды.

2015 жылғы 8 қыркүйекте «Жасыл» технологиялар мен инновациялардың тұрақты өтетін виртуалды конкурсын ұйымдастыру туралы» ҚР Энергетика министрінің № 563 бұйрығы бекітілді.

17. «Жасыл экономика» тақырыбы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемін арттыруды қарастыру.

Энергетика министрлігімен 2015-2017 жж. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 6 әлеуметтік жобаны жүзеге асыру жоспарланған болатын. Алайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ҚР ЭМ үшін лимиттер анықтады.

Осыған орай, бекітілген лимит шеңберінде «Қазақстан Республикасы тұрғындарының ортасында орынсыз «радиоқобалжушылық» деңгейін төмендету бойынша 2015-2017 жылдарға арналған іс-шараларын өткізу» тақырыбында әлеуметтік тапсырыс мәлімденді.

18. «Экспо-2017», «жасыл экономикаға» көшуді, «Жасыл көпір» бағдарламасын ақпараттық қолдау мақсатында «www.g-global-expo.org «жасыл» технологиялар мен инновациялардың виртуалды көрмесі» ұлттық порталын ілгерілетуге және насихаттауға қатысуды қамтамасыз ету.

«Жасыл көпір» бағдарламасының www.gbpp.org интернет-ресурсы құрылған.

Осы интернет-ресурстың басты мақсаты Expo-2017 ақпараттық қолдау, «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын, «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын және Қазақстан мен әлемде «жасыл» технологияларды пайдаланумен жүзеге асырылатын жобаларды іске асыру болып табылады.

19. «Экспо-2017» үшін қазақстандық өнертабыстардың виртуалды көрмесін жасауды қамтамасыз ету.

ЭКСПО-2017 тақырыбы бойынша қазақстан өнертапқыштарының арасында конкурс үшін виртуалдық алаң ұйымдастырылды.

Конкурсты ұйымдастырушы «Астана Экспо-2014 ҰК» АҚ мен G-Global Халықаралық Хатшылығы болып табылады. «Online EXPO-2017» Халықаралық конкурсты дайындау және өткізу Штабы жетекшілік ететін орган болып табылады.

20. «Жасыл» технологиялар мен инновациялардың ең қолжетімді жобаларының тізілімін құруды және тұрақты түрде жаңартуды пысықтауды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми сайтына «Жасыл экономика» бөліміне озық қолжетімді «жасыл технологиялар және инновациялар» бойынша тізім орналастырылды.

21. Салалық ҰЕҰ-ның қызметін, олардың қызметін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы қаржыландыруды қоса алғанда, жүйелі түрде қолдауды қамтамасыз ету.

Бүгінгі күнге мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты 9 орталық мемлекеттік орган (МСМ, ПМ, БҒМ, ДСӘДМ, ЭМ, ҰЭМ, ИДМ, МҚІСЖҚІА, БП), 200 облыстық, 262 қалалық және аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Орталық мемлекеттік органдар салалық ҰЕҰ-мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында, сондай-ақ диалог алаңдарының жұмысына тарту арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Жергілікті деңгейде келесі органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың операторлары болып табылады: ішкі саясат, білім беру, мәдениет, халықты жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу, тілдерді дамыту, туризм, дене шынықтыру және спорт басқармалары.

Сонымен қатар, негізгі бюджеттік әкімшілер бойынша мәлімет сол қалпында сақталған, яғни жалпы лоттар санының жартысынан астамы (54,9% -1015 жоба) ішкі саясат басқармалары мен бөлімдерімен іске асырылуда.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары мен бөлімдерімен әлеуметтік жобалардың 16,9%-ы (313 жоба), жастар саясаты 10,3%-ы (192) және денсаулық сақтау басқармаларымен жобалардың 5,7%-ы (107) жоспарланған.

Жобалардың аз бөлігі, дін істері басқармаларымен – **2,7%** (50), тілдерді дамыту басқармалары мен бөлімдерімен – **2%** (26), білім беру басқармалары мен бөлімдерімен – **2%** (37), дене шынықтыру және спорт - **1,7%** (32), мәдениет басқармалары мен бөлімдерімен - **1%** (20) қарастырылған.

Аталған салалардағы әлеуметтік жобалар санының аз болуының негізгі себебі, бүгінде аудандар көлемінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тек қана ішкі саясат бөлімдерімен іске асырылуда. Бұл тәжірибе еліміздің Ақтөбе, Алматы, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында сақталып отыр.

22. Жобаларды қолдауды ынталандыру жөнінде әлеуметтік саланың әртүрлі салаларындағы азаматтармен атаулы жұмыстар жүргізуге бағытталған жүйелі шаралар қабылдау.

Аталған тармақты жүзеге асыру үшін Мәдениет және спорт министрлігі Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің аясында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласын кеңейту, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарын түрлі мақсатты топтармен атаулы жұмыстарға бағыттау мәселесін көтерді.

Азаматтармен атаулы жұмыс Білім және ғылым министрлігінің жобалар аясында жүргізіледі (жастар ұйымдарының көшбасшыларын оқыту, лагерлер ұйымдастыру және т.б.).

Ішкі істер министрлігі құқық қорғау бағыттағы жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекет етеді. Ү.ж. 9 айдың ішінде олардың қатысуымен 1,5 мың қылмыстар ашылып, 22 мыңнан астам құқық бұзушылар ұсталды.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2016 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Азаматтық бақылау» жобасын бастады. «Азаматтық бақылау» жобасының шеңберінде барлық өңірлерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері жөнінде азаматтық бастамалардың орталығы болуға бағытталған қоғамдық қабылдаулар ашылды.

Энергетика министрлігімен «Қазақстан Республикасы тұрғындарының ортасында орынсыз «радиоқобалжушылық» деңгейін төмендету бойынша іс-шараларын өткізу» тақырыбында 2015-2017 жылдарға арналған әлеуметтік тапсырыс жүзеге асырылуда.

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өңірлік БАҚ, журналисттерге арналған семинар-тренингтер өткізеді.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі халықаралық және 24 қоғамдық ұйымдармен, қорлармен туберкулезге қарсы бірлескен жұмысты жүргізеді.

Облыстар мен Астана, Алматы қалаларының ақпараты бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында мүмкіндіктері шектеулі адамдармен, көпбалалы отбасылармен, әлеуметтік және медициналық қызметтер көрсету, жұмыспен қамту және басқа да мәселелер бойынша атаулы жұмыс жүргізуге бағытталған жобалар жүзеге асырылуда.

23. Қаражатты уақтылы және сапалы игеру үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар бойынша конкурстарды әр жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей өткізуді қамтамасыз ету.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырудың негізгі проблемалардың бірі конкурстық процедураларының кеш аяқталуы болып табылады. Соның нәтижесінде әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мерзімі қысқартылады. 2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша конкурстық процедураларының кеш аяқталуы мемлекеттік сатып алу веб-порталында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жөніндегі функционалдың енгізуіне және веб-порталдың дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты болды. Осыған байланысты, жобаларды жүзеге асыру мерзімі қысқартылып, кейбір жобалардың жүзеге асырудың өзектілігі жоғалды.

24. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс лоттарын қалыптастыру кезінде ҮЕҰ ұсыныстарын жинау мен есепке алу тәжірибесін ҮЕҰ арасында әлеуметтік идеялар мен жобалардың конкурстарын өткізу арқылы кеңейтуді қамтамасыз ету.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органдардың жанында құрамына ҮЕҰ кіретін консультативті-кеңестік органдар жұмыс істейді.

ККО отырыстарында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптары талқыланып, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру жөніндегі есептер тыңдалады.

Облыстар мен Астана, Алматы қалаларының мәліметі бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптары бірнеше әдіспен қалыптастырылады.

Біріншіден, өңірлерді дамытудың өзекті мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі. Зерттеулердің қорытындылары лоттар тақырыптарын және олардың мазмұнын әзірлеудің негізі болып алынады. Осындай тәжірибе Шығыс Қазақстан, Қостанай, Атырау облыстарында қалыптасқан.

Екіншіден, ҰЕҰ ресурстық орталықтарының аясында әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудың қорытындылары бойынша ҰЕҰ-ның, мақсатты топтардың жобалық ұсыныстары жинақталып, мемлекеттік органдарға ұсынылады. Мұндай тәжірибе Павлодар облысы мен Астана қаласында қалыптасқан.

Үшіншіден, Алматы, Қостанай облыстарының Азаматтық альянстарының сайттарында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптары жөнінде онлайн режимінде ұсыныстар жиналады.

Төртіншіден, әкімдіктердің жанындағы ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестердің потенциалы пайдаланылады. Ақтөбе, Қызылорда облыстары Кеңестерінің отырыстарында лоттар тақырыптары қаралып, мемлекеттік органдарға ұсынымдар мен ұсыныстар беріледі.

Бесіншіден, Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкелерінің қорытындылары пайдаланылады. Қостанай облысында жыл сайын облыстық және 4 өңірлік Жәрмеңкелер өткізіліп, олардың шеңберінде ҰЕҰ мен мемлекеттік органдардың диалог алаңдары ұйымдастырылады.

25. Мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыратын ҰЕҰ-мен жасасқан шарттарға өздерінің қызметі туралы жылдық есебін БАҚ-та міндетті жариялауды енгізуді ұйымдастыру.

2015 жылы «ҰЕҰ дерекқорын» құру жөнінде нормалар енгізілді. Дерекқорға ҰЕҰ-мен міндетті түрде есеп беру нормасы заңнамада бекітіліп, норма бұзылған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тарту қарастырылған. ҰЕҰ дерекқорына үкіметтік емес ұйымдар жыл сайын өзінің қызметі туралы есеп беріп отырады.

Қазіргі уақытта «ҰЕҰ дерекқоры» ашық ақпараттық ресурс қалыптастырылуда. 2017 жылдан бастап ол ашық портал ретінде жұмыс істеп, қазақстандық және шетелдік ҰЕҰ-ның ашықтығын қамтамасыз етеді.

2017 жылдан бастап ҰЕҰ ақпараттық ресурс арқылы есеп бере алатын болады.

26. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асырмайтын мемлекеттік органдарға міндетті түрде бюджеттен ҰЕҰ-мен жұмыс істеуге қаражат қарастыру.

Бүгінгі күнге мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты 9 орталық мемлекеттік орган (МСМ, ІІМ, БҒМ, ДСӘДМ, ЭМ, ҰЭМ, ИДМ, МҚІСЖҚІА, БП), 200 облыстық, 262 қалалық және аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Осылайша, орталық деңгейде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тек Қоғаныс министрлігінде, Сыртқы істер министрлігінде, Ауыл шаруашылық министрлігінде, Әділет министрлігінде жүзеге асырылмайды.

Жергілікті деңгейде келесі органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың операторлары болып табылады: ішкі саясат, білім беру, мәдениет, халықты жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу, тілдерді дамыту, туризм, дене шынықтыру және спорт басқармалары.

Сонымен қатар, осы тармақтың тұжырымы қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейді. Тек ҰЕҰ үшін арнайы қаржылай қолдаудың нысандары анықталған – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар мен сыйақылар. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдармен басқа бюджеттік ерекшеліктер бойынша сатып алынатын және түрлі іс-шараларды, зерттеулерді өткізуге бағытталған қызметтер бойынша конкурстарға тек ҰЕҰ емес, барлық заңды және жеке тұлғалар қатыса алады.

27. Облыстық деңгейде ішкі және жастар саясаты саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс конкурстарына азаматтық бастамаларды дамыту тақырыптарының тізбесін кеңейтуді қамтамасыз ету.

Азаматтық бастамаларды дамыту, ҮЕҰ-ға, мақсатты топтарға, халыққа консультативті және әдістемелік көмек көрсету мақсатында 9 өңірде (*Астана қ., Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында*) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өңірлік ҮЕҰ ресурстық орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөнінде әлеуметтік жобалар іске асырылуда.

28. Жергілікті деңгейде жергілікті өзін-өзі басқаруды іске асыру қағидаттарын, тетіктерін түсіндіру бойынша ақпараттық науқан өткізуге ҮЕҰ қатысуын қамтамасыз ету.

Астана, Алматы қалаларының, Ақтөбе, Алматы, Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, , Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары әкімдіктерінің мәліметі бойынша Ақпараттандыру жоспарына сәйкес 2015 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру механизмдері мен қағидаларын түсіндіру жөнінде ақпараттық кампания жүргізу бойынша ҮЕҰ жобалары іске асырылды.

29. Өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу және бағалау кезеңдерінде ҮЕҰ тарту бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру.

Әкімдіктердің ақпараттарына сәйкес ҮЕҰ қоғамдық кеңестер, жұмыс топтары, қоғамдық сарапшылар кеңестері, қоғамдық комиссиялар аясында өңірлерді дамыту бағдарламаларына әзірлеу, жүзеге асыру, мониторингін жүргізу және бағалау кезеңдерінде тартылады.

30. Облыстар, қалалар мен аудандар әкімдерінің жанындағы қоғамдық кеңестердің, оның ішінде ҮЕҰ өкілдерінің санын арттыру мақсатында қайтадан құру.

2015 жылғы қарашада «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңы бекітілді. Заңға сәйкес қоғамдық кеңестегі азаматтық қоғам өкілдерінің саны оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрауға тиіс және коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Сондай-ақ, аталған Заңмен қоғамдық кеңестердің қоғамдық бақылау саласында өкілеттіктерін іске асыру тәртібі бекітілген.

31. Қазақстандық компаниялардың корпоративтік-әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметін көтермелеу мақсатында мүдделі тараптармен бірлесе отырып, «Жыл қайырымгері», «Білім беру меценаты» және т.б. конкурстарды өткізуді ұйымдастыру.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында ҚР Президенті Н.А. Назарбаев Ассамблея елдегі қайырымдылық шараларының басты үйлестірушісі екенін атап өтті. Қазақстан тарихында тұңғыш рет «Қайырымдылық туралы» Заң қабылданды.

Ассамблея елдегі қайырымдылық шараларының дамуына ықпал етуге, үйлестірушілік және басқа да қолдау көрсету бойынша заңнамалық құзыретке ие болды.

Бүгінде Қазақстанда Ұлт жоспары - 100 нақты қадам жоспарын іске асыру аясында жыл сайын бірқатар қайырымдылық іс-шаралар, оның ішінде «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жобасының аясында «Қайырымдылық керуені» акциясы, «Ізгі істер эстафетасы» және т.б. жүргізіледі.

«Қоғамдық келісім» РММ қазіргі уақытта өңірлік Ассамблеялармен және Астана, Алматы және облыстардағы «Қоғамдық келісім» КММ-мен бірлесе, қайырымдылық жасаушылар, меценаттар және қайырымдылық қызметімен айналысатын кәсіпорындар, ұйымдар мен қоғамдық қорлардың республикалық базасын қалыптастырды, оның қатарында 920 адам бар. Аталған база ашық, үнемі толықтырылып, жаңартылып тұрады.

Елдегі қайырымдылық шараларын жандандыру мен дамыту, сондай-ақ үйлестірушілік және басқа да қолдаулар көрсету мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының Қайырымдылық жасаушылары мен тәлімгерлер клубы құрылды, клубтың ережесі Қазақстан халқы Ассамблеясының 2016 жылғы 26 ақпандағы кеңесінде мақұлданды.

Сонымен қатар, Астана мен Алматы ққ. және облыстардағы Қазақстан халқы Ассамблеялары бірқатар қайырымдылық шараларын ұйымдастырды.

32. «Жасыл экономиканың» негізгі бағыттары бойынша ҮЕҰ тізімінен сараптама топтарын қалыптастырып, «жасыл экономика» жөнінде қоғамдық кеңестерді құруды қамтамасыз ету.

Ақтөбе облысы әкімдігінің жанында экология және табиғатты пайдалану, аграрлық мәселелері бойынша тұрақты комиссия құрылған. Алматы облысында тұрақты негізінде «жасыл экономика» мәселелерін талқылау үшін ҮЕҰ қатысуымен диалог алаңдары жұмыс істейді. Атырау облысындағы «Нұр Отан» партиясы филиалының жанында «Жасыл экономика» мәселелері жөнінде сараптама тобы құрылды.

«Жасыл экономика» мәселелерін талқыланатын ШҚО-да 5 сараптамалық топтар, оның ішіндегі экология мәселелері бойынша сараптамалық топ жұмыс атқаруда.

Алматы қаласында Қоғамдық кеңестің жанында экология мәселелері бойынша жұмыс тобы құрылды. Астана қаласында «жасыл экономика» мәселелері қоғамдық кеңесте қаралады. БҚО-да экология және «жасыл экономика» мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Басқа да өңірлердегі әкімдіктерінің мәліметтері бойынша «жасыл экономика» мәселелері ККО, ҮЕҰ қатысуымен өтетін диалог алаңдары аясында қаралып, тиісті іс-шаралар, конкурстар, акциялар жүргізіледі.

33. ҮЕҰ қызметін стандарттау және ашықтығын арттыру жөніндегі қоғамдық науқанды ұйымдастыру.

Қазақстанның Азаматтық Альянсының өкілдері мен Нұрлан Ерімбетовтің бастамасымен 2014 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында еліміздің Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстарында қоғаммен бірқатар кездесулер өткізілді.

ҮЕҰ көшбасшыларының БАҚ-та сөз сөйлеулері ұйымдастырылды. Қазақстанның Азаматтық Альянсының бастамасы мен заң жобасын талқылау бойынша белсенді пікірталас жүргізілді. Аталған пікірталас барысына отандық және шетелдік сарапшылар қатысты.

2014 жылдың соңғы айында өткізілген мониторинг қорытындысы бойынша баспа және электрондық БАҚ-та 500-ден астам мақалалар, пікірлер жарыққа шыққанын хабарлаймыз. Материалдардың көбісі жағымды және бейтарап сипаттамада болды.

2015 жылдың қараша айында қабылданған «Кейбір заңнамалық актілеріне ҮЕҰ мемлекеттік қызмет мәселелері туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу» Заңын ілгерілету аясында, ҮЕҰ қызметінің ашықтығын арттыру бойынша қоғамдық науқан өткізілді.